

\*А.Ж. Есназар<sup>1</sup>, А.Н. Кошербаева<sup>1</sup>, М.Г. Кошкарлова<sup>2</sup>, Уайдуллақызы Э.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

<sup>2</sup>Орталық Азия Инновациялық университеті,

(Шымкент қ., Қазақстан),

<sup>3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

asel.esnazar@mail.ru, kosherbayeva72@list.ru, madina.koshkarova@bk.ru

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

### Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары айқындалды. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі тілдің қасиеттері мен қызметі арқылы, оның қоғамдық рөлі мен қолданылу сипаты негізінде анықталды. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда сөзбен жұмыс, сөз тіркесі мен сөйлеммен жұмыс және байланыстыра сөйлеуге үйрету жұмыстарының түрлері көрсетілді. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдылары айқындалды. Сөздің мағынасын, логикалық жүйелілікті сақтауға бағытталған жаттығулар топтастырылды. Жалпы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін ескере отырып арнайы жаттығулар жүйесі әзірленді. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдарын анықтауға байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде оқушылар жеткілікті дәйекті ұсыныстар жасауды, логикалық жүйелілікті сақтай отырып ойды дәл жеткізуді, сөздерді, сөз тіркестерін қолдануды, сұраққа орынды және нақты жауап беруді үйренді. Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып біз әзірлеген жаттығулардың бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда рөлі зор екендігі дәлелденді.

*Түйін сөздер:* бастауыш сынып, сөйлеу мәдениеті, тіл дамыту, сөйлеу әрекеті, тілдік құрал, қарым-қатынас, сөз, сөйлем, мәтін.

**Кіріспе.** ҚР президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған. Біз әр қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз» деп көрсетеді [1]. Бұл идеялар білім беру парадигмасын өзгертуге жол көрсетеді. Себебі білім - ел дамуының көрсеткіші, ал білім негізі - бастауышта.

ҚР «Білім туралы» Заңының 16-бабы, 2-тармағында: «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған» [2]

деп берілген. Ендеше, оқу бағдарламалары бастауыш сынып оқушы тұлғасының үйлесімді дамуына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «...білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына сын тұрғысынан ойлай алатын, коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру, топпен және жеке жұмыс істеу сияқты кең ауқымды дағдылар» көрсетілген [3]. Білім беру стандартындағы көрсетілген дағдылар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға басымдық береді.

ҚР білім беру парадигмасының қазіргі кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың қазіргі жағдайында білім беру процесінде тұрған міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады. Бұл бағытта, бастауыш сынып оқушыларының

сөйлеу мәдениетін қалыптастыру педагогикалық мәселе ретінде қарастыруды талап етеді.

Энциклопедиялық сөздікте: «сөйлеу мәдениеті - жеке сөйлеудің осы тілдің нормаларына сәйкестігі (тілдік норманы қараңыз), сөйлеудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тілдік құралдарды қолдана білу; әдеби тілді қалыпқа келтіру мәселелерін зерттейтін тіл білімінің бөлімі» деп анықтама береді [4]. Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мектеп үшін прагматикалық мәні ерекше. Себебі, сөйлеу мәдениеті бойынша жүйелі білім бастауыш мектептен басталатыны сөзсіз.

**Негізгі бөлім.** Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізі Г.С.Рахметова, А.Жапбаров, Г.Уәйісова, Ә.Жұмабаева, Ұ.Молдабек және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады.

Сондай-ақ, шетелдік ғалымдардың Л.М.Садику, Т.Уоллис, В.Е.Стариба, Г.Дж.Уолберг, С.Серен және Г.А.Эмель, Ф.Гюнеш еңбектерінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдірудің тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынуы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдарын айқындауға мүмкіндік берді.

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда Ф.Гюнеш оқушының сөйлеу әрекетін тыңдалым дағдысын қалыптастыруымен бірге дамитынын сөз етеді. Оқушы алдымен тыңдауды, содан кейін сөйлеуді үйренеді. Оқушылардың сөйлеу әрекетін жақсарту үшін үш кезеңді, атап айтсақ:

- 1) ақыл-ой дайындығы;
- 2) ойда редакциялау;
- 3) сөзбен жеткізуді ұсынып, олардың әрқайсысына ерекше көңіл аудару қажет [5].

Мектеп оқушыларының сөйлеу әрекеті мен түрлерін қалыптастыруда АКТ технологияларды қолданудың маңыздылығы мен жолдарын С.Серен зерттесе [6], ал О.Куру 4 сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар жүйесін әзірледі [7].

Л.М.Садикуның ойынша, тіл үйренуде тілдің төрт дағдысы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ғалымның зерттеуінше, «айтылым» дағдысын қалыптастыруда оқылған сөздерді, естіген ойларды, жазылған идеяларды дикциямен дұрыс айту, сөз байлығын дұрыс қолдана білуге дағдыландыру; «оқылым» дағдысын қалыптастыруда сөздің мағынасын түсіну, әр түрлі жазу стильдерін ажырату, оқу әдетін қалыптастыруға дағдыландыру; «жазылым» дағдысын қалыптастыруда ойды дұрыс, жүйелі жеткізу, мәтін құрудың қадамдарын меңгеруге дағдыландыру; тыңдалым дағдысын қалыптастыру дыбысты сөздерге және олардың контекстік мағынасына айналдыра білуге дағдыландыру қабілеттеріне ие болуды білдіреді. Яғни, «тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары – тілдің шындары» деп қарастырады [8]. Ендеше, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тілдік дағдыларды дамытудың маңыздылығы зор.

Т.Уоллистің зерттеуі бойынша, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда жазбаша жұмыстардың ерекшелігін, сонымен қатар оқу бағдарламаларының барлық саласында көрініс табатын қарым-қатынастың маңыздылығын атап өтті [9].

Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі тілдің рөлі мен сөйлеу әдебін игеру арқылы, оның қарым-қатынастағы рөлі мен көркем сөз нормаларын меңгерту негізінде анықталады. Бұған сәйкес, әдіскер ғалым С.Рахметова тіл дамытуды үш бағытта қарастырады: 1) сөздік жұмысы; 2) сөз тіркесі мен сөйлеммен жұмыс; 3) байланыстыра сөйлеуге үйрету жұмысы [10]. Ендеше, бұл үш бағыттағы жұмыстар бір-бірімен ұштаса байланысуы керек. Олай болса, сөз – сөз тіркесі мен сөйлемдерді құруда негіз болады және жүйелі ойды білдіруде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында сөздің мағынасын игеру, мағыналық байланыс арқылы сөйлем құрай білуге бағытталады. Яғни, сөздің мағынасын игеру арқылы тілдің байлығы мен сөздің тазалығы қалыптасады. Сондай-ақ, сөйлеу мәдениеті тек сөздің мағынасын ғана меңгеру ғана емес, жалпы ойдың, пікірдің мазмұнды түрде жүйелі

жеткізілуін де қарастырады. Зерттеу ба-  
 рысында бастауыш сынып оқушылары өз  
 пікірін білдіруде сөзді дұрыс және бай-  
 ланыстыра қолдана алмайтыны, мәтінді  
 мазмұндауда жүйелілігін сақтамайтыны  
 анықталады.

А. Жапбаров «сөйлеуді меңгерту дегеніміз  
 – оқушының айтайын деген ойын ауыз-  
 ша және жазбаша түрде екінші адамға  
 түсінікті етіп жеткізуіне мүмкіндік жасау.  
 Ал сөйлеуді үйрету – күнделікті өмірде  
 кездесетін жағдайларға байланысты адам  
 өз ойымен пікірін тұжырымдау; сол ойды  
 сөзбен бейнелеудің, сөйлем арқылы түсінікті

түрде жеткізудің амалдарын игерту» [11],  
 – деген тұжырым жасаған. Бұдан оқыту  
 үдерісінде оқушының сөйлеу мәдениетін  
 қалыптастыруда тілдік құралдарды қолдану-  
 дың амал-тәсілдерін меңгертудің маңызы  
 зор.

**Әдіснамалық негіздері мен әдістері.**  
 Ендеше, оқушы өзінің ойын жүйелі, айқын,  
 дәл, сауатты сөйлеу арқылы өзге жұртқа әсер  
 етуі, бұл сөйлеу мәдениетінің ерекшелігі.

Жалпы бастауыш сынып оқушыларының  
 сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қажетті  
 білім, білік, дағдыларға тоқталайық (кесте  
 1):

Кесте 1 - Сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын білім

Ұғым 1	Білім 2	Білік және дағы 3
Мәтін	Мәтін - сөйлемдердің мазмұндық жағынан байланысқан жиынтығы.	сөйлемнен мәтін құралатынын біледі; мәтіндегі логикалық жүйелілікті сақтай біледі;
Мәтіннің тақырыбы	Берілген тақырып аясында беріледі.	мәтін тақырыбын қоюды үйренеді; шығарманың тақырыбын анықтай алады; тақырып пен тақырыпшаның ара жігін анықтай білуге дағдыланады;
Мәтіндегі негізгі ой	Автордың айтқысы келген ойы мен пікірі және ниеті беріледі. Негізгі ой бір сөйлеммен беріледі немесе мазмұнынан белгілі болады.	ойды анықтай алуға дағдыланады;
Тірек сөздер	Тірек сөз - мәтін байланысын құруға көмектесетін сөздер.	тірек сөздердің көмегімен мәтінді қалпына келтіреді;
Мәтін құрылымы	Мәтіннің үш бөлігі: басы, ортасы соңы болады.	мәтіннің бөліктерін біледі және келтіре алады;
Тақырыпша, абзац	Тақырыпша - тақырыпты айқындауға бағытталған бөлігі.	мәтінді тақырыпша арқылы жоспарлай алады; абзацты анықтай алады; орны өзгерген абзацты реттей алады;
Жоспар	Жоспар - мәтіннің қысқаша жобасы.	жүйелі жоспар құра алады; жоспар мәтін бөліктеріне және абзацқа сәйкес жасай алады.

Демек, мәдениетті сөйлеуге үйрету әрекеті оның тілдік білігін қалыптастыру арқылы жүргізіледі.

Олай болса, бастауыш сынып оқушы-  
 ларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру-  
 дың нәтижелі болуы білім, білік, дағдылардың  
 оқулықта қамтылу жайын қарастырайық.  
 Мәселен, 4-сыныпқа арналған Қазақ тілі (1  
 бөлім) оқулығына талдау жүргізейік.

Оқулық мазмұнында оқушылардың  
 сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға арнал-  
 ған: *диалогтік сөйлеу, көпшілік алдын-  
 да сөйлеу, топтық қарым-қатынасқа  
 түсу, жазбаша қарым-қатынасқа түсуге*

бағытталған тапсырмалар мен сөйлеу мате-  
 риалдары берілген [12].

Мысалы, көпшілік алдында сөйлеуге  
 бағытталған оқулықтағы тапсырмалар: №59  
 сабақ: Сөйлеу мәдениеті, 60-жаттығудағы  
 тапсырмасы бойынша оқушылар «Ро-  
 бот техникасы-болашақтың маманы»  
 тақырыбында көпшілік алдында сөз  
 сөйлеуге дайындалады. Ол үшін: 1. Сөз ба-  
 сында; 2. Негізгі бөлігінде; 3. Қорытынды  
 бөлігіне қатысты сөздерді байланыстыра-  
 ды. Бұл тапсырманы орындау барысында  
 оқушылар сөздердерді өз ойын жеткізудің  
 құралы ретінде қолданады, сөзді дұрыс,

көркем, түсінікті, әсерлі жеткізудің тілдік құралдарын пайдаланады. 7-жаттығуда тірек сөздерді, мақал-мәтел, өлең шумақтарды пайдаланып «Ана тілі - ардағым» тақырыбына әңгіме құрастырады. Бұл бағыттағы тапсырмалар мақал-мәтелдерді орынды қолдануға, сөздердің мағынасын түсінуге және оны дұрыс қолдануына қарай бағытталады.

Кез-келген тілдің ең басты құралы – қарым-қатынас құралы болғандықтан, оқулықта топтық қарым-қатынасқа түсуге бағытталған тапсырмалар да берілген. Мәселен, 1-бөлім: 13-сабақ. 5-жаттығу, 32б.; 29-жаттығу және т.б.

Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бастауыш сынып оқушыларының сөз байлығын арттыруға тәуелді, себебі тіліміздергі сөздің тазалығы, мәнділігі, дәлдігі сөйлеу мәдениетінің көрсеткіштері. Оқушыға сөздің мағынасын игертіп қана қоймай оны өз пікірін білдіруде, тапсырманы орындауда қолдана білуге жаттықтыру керек. Ендеше, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың бір жолы - сөзбен жұмыс. Сөзбен жұмыстың белгілі бір ерекшеліктері бар, оның негізгісі – оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда мұғалімнің жұмысымен үнемі ілесіп отыруы қажет.

Ендеше, біз сөздің мағынасын, ерекшеліктерін айқындауға арналған жаттығуларды топтастырып ұсындық: *бірінші*, меңгеруге қажетті сөз, сөз тіркесі, сөйлемі бар мәтін ұсынып, ондағы сөздердің мағынасын ажыратуға арналған жаттығулар; *екінші*, жеке сөздердің мәнін игертуге арналған жаттығулар; *үшінші*, ойды аяқтауға арналған сөздерді толықтыруға арналған жаттығулар; төртінші, тиісті сөздердің орнына қоюға арналған жаттығулар; бесінші, тиісті антоним, синоним сөздерді тандап қолдануға арналған жаттығулар; сөздердің белгілі сипатына қарай топтастыруға арналған жаттығулар [11, б.25].

Тұжырымдағанда, сөйлеу мәдениеті, алдымен тілдің грамматикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, сөз мәдениетінің негіздерін таныту, сөз әдебінің қарым-қатынас түрлерін білу дегенді білдіреді. Сөйлеу мәдениеті сөйлеу мазмұндылығын

игертуді, тіл жүйесін білу, тілдің мәнерлілік құралдарын игеру, өз ойын еркін, тартымды, қисынды айта білу икемділіктерін қалыптастыруға бағытталады.

Жалпы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін ескере отырып арнайы жаттығулар жүйесі әзірленді. Бұл жаттығуларды талдау, салыстыру, жинақтау және т.б. инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы әдістемелік негізін қалыптастырамыз. Тапсырмалар жүйесін құруда біз дидактикалық ұстанымдарды: сабақтастық ұстаным, сөйлеуге зейін қою ұстанымдарын басшылыққа алдық [13]. Басшылыққа алынған ұстанымдар зерттеуіміздің әр кезеңінде көрініс тауып, өзара байланысып, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетінің қалыптасуының негізі және құралы бола алады. Олай болса, жүйеленген жаттығуларға тоқталайық:

1-жаттығу. Мәтінді оқы. Мәтіннен сөз тіркесін тап.

*Мирас пен әкем құстарға ұя жасады. Мирас шегелер мен тақталарға қызмет етті. Әкем оларды сүргілеп, тырнап тастады. Қыста күн сайын таңертең Мирас ұяға астық құйды. Торғайлар мен құстар баланы күтті. Олар барлық жағынан ұшып, таңғы ас ішуге асықты. Аязды күндерде Мирас өзінің қауырсынды достарын жиі тамақтандырды. Жақсы тамақтандырылған құс суыққа оңай төзеді.*  
(«Ол кім? Бұл не?» кітабы)

2-жаттығу. Тиісті синонимдерді тап. Сөйлемдегі синонимдерді ауыстыр.

*Мен өте қызықты кітап оқыдым (тамаша, қызықты).*

*Мұғалімнің сабақты түсіндіруі өте қызықты болды (ұстаз, тәрбиеші).*

3-жаттығу. Тірек сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыр.

*Кітап, білім, оқиға, қызық, мұғалім, оқушы, кітапхана.*

4-жаттығу. Мәтінді оқы. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір.

*Айбар әңгімеге құлақ аспады. Көз ұшында қарайып біреу көрінді.* Амираға



**жаны ашыды. Мұғалім сабақты тайға таңба басқандай түсіндірді.**

5-жаттығу. Тыңдаған шығарманы сипаттап айтып бер.

*«Ақсақ құлан» аңыз күйі – халық арасына кең таралған асыл мұрамыздың бірі. Күйдің қысқаша мазмұнын есіңе түсір.*

*«Ертеде аң аулауға шыққан хан баласы мертiгiн, қайтыс болады. Хан: «Ұлымның қазасын айтқан адамның көмейiне қорғасын балқытып құямын», – деп жарлық шығарады. Қаралы хабарды жеткізуге ешкімнің батылы жетпейдi.*

*Сонда да қарт домбырашы хан баласының өлімін күй арқылы естірмеді. Күй арқылы баласының өлімін естіген хан домбыраның шанағына қорғасын құйдырады.*

*(Музыка, 4-сынып)*

Сұрақ: Ақсақ құлан деп аталуының себебі неде?

6-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы. Өз ойыңды қос.

*Мәдениетті адам – бұл қоғамдағы мінез-құлық ережелерін меңгерген, тәрбиелі, сабырлы, сыпайы адам. Мәдениетті адамды басқа адамдардан ерекшелендіретін қасиеті ол өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын және үйренуге дайын адам. Өзін және іс-әрекетін бақылайды, туған еліне және оның мәдениетіне адал.*

*Мәдени сауатты болу үшін көп оқу керек. Сонымен қатар ішкі қасиеттерді дамыту, сөздердің дұрыс құрылуын қадағалау қажет. Сөйлеуде дәрекі, балағат сөздер болмауы керек. Айналаңыздағы барлық нәрсені өзгертуге тырысыңыз.*

*(«Ол кім? Бұл не?» кітабы)*

Ендеше, талдау, салыстыру, жинақтау әдістеріне негізделе отырып әзірленген жаттығулар жүйесі оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал ететіні анықталды [14].

**Зерттеу нәтижелері.** Жалпы, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында зерттеу жұмысы 3 «А», 3 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілді.

Зерттеу барысында сөйлеу мәдениетінің даму деңгейі екі әдістеме арқылы анықталды.

*1-әдістеме: «Сөйлеудің логикалық жүйелілік әдістемесі». Әдістеменің қысқаша сипаттамасы: «Ұсынылған сөздердің жиынтығын қара. Әр сөздің мағынасын түсіндіруге тырыс. Мұны қалай түсіндіресің?» [8].*


Әдістеменің келесі деңгейлері анықталды:

Жоғары деңгей – оқушы жеткілікті дәйекті ұсыныстар жасайды, логикалық жүйелілікті сақтай отырып ойды дәл жеткізеді; сөздерді, сөз тіркестерін қолданады; сұраққа нақты және жүйелі жауап ұсынылады.

Орташа деңгей – оқушы сөздің жиынтығын құрастыруда анықтық бар, бірақ сөздің мағынасын түсіндіруде логикалық жүйелілік сақталмайды.

Төмен деңгей – оқушы сөздің мағынасын түсіндіруде дәлдік, анықтылық, қатысымдық орындылық, мағыналылық жоқ, жалпы сөйлемдер байланыспайды.

Әдістеменің зерттеу нәтижелері төмендегідей (сур.2):



Сурет 2 - Сөйлеудің логикалық жүйелілік әдістемесі

Эксперимент жүргізу кезінде оқушылар кейбір сөздердің мағынасын түсіндіруде қиындықтарға тап болғандығы байқалды және бұл сөздерді дәл сипаттай алмады.

2-әдістеме. Сөйлеудің мазмұндық жағын дамыту әдістемесі. Тапсырма: оқушыға оқиғаның бір бөлігін оқиды. Мұғалім оқығаннан кейін бала бұл үзіндіні қайталап, өз ойын жалғастыруы керек [14].


Нәтижелерді бағалау:

Жоғары деңгей – оқушы оқиғадан үзінді қайталайды және өз ойларын жалғастырады;

Орташа деңгей – оқушы оқиғадан үзінді келтіреді;

Төмен деңгей – оқушыға оқиғадан үзінді айту қиынға соғады.

Әдістеменің зерттеу нәтижелері төмендегідей (сур.3):



Сурет 3 - Сөйлеудің мазмұндық жағын дамыту әдістемесі

Жалпы, тәжірибелік сыныптарының оқушылары бұл тапсырманы жақсы орындады, бірақ бұл кезеңде үшінші сынып оқушыларының сөйлеуін дамытуда кейбір кемшіліктер байқалады.

**Талқылау.** Зерттеу барысында 3 «А», 3 «Ә» сынып оқушыларын зерттедік. Зерттеу бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетінің даму деңгейін анықтауға бағытталған. Зерттеуде үш ай бойы 3 «Ә» сыныбы біз ұсынған жаттығуларды қолданды. Оқушылардың сөйлеу мәдениеті оқушы мен мұғалім арасында ортақ мақсаттар болу, бір-біріне жағымды көзқарас және ынтымақтастық ұстаным болған жағдайда ғана қалыптасады.

Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып біз әзірлеген жаттығулардың сөйлеу мәдениеті қалыптастыруда рөлі зор екендігі анықталды.

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, бірінші әдістемесі: сөйлеудің логикалық жүйелілігін анықтауда мәтіннің кілт сөздерін және сөйлемдерді негізге ала отырып, оның жоспарын құру; логикалық жүйелілігін сақтай

отырып бөліктерге бөлу; мәтінді редакциялау және қайта құруды төселдіру жұмыстарын игереді.

Зерттеу нәтижесінің екінші әдістемесі: мәтіннің тақырыбын болжау, оның шекарасын анықтау; мәтіннің негізгі идеясын таба білу, оны түсіндіру барысында қолда білу; мәтіннің ішінен кілт сөздерді, сөз тіркестерін тауып, мәтінді бөліктерге бөлу және жоспарын құру; мәтіннің мазмұнын айқындауға бағытталған тапсырмалар ұсынылды.

Жалпы алғанда игерілген жаңа сөздің мәнін білуде, мағынасын айқындауда, қолданылу аясын игеруге дағдыландырудағы мақсат – сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Атап айтқанда, отбасындағы, достар арасындағы ортасы, кітап, газет, журнал және т.б. оқу құралдары арқылы сөйлеу ортасын құру оқушылардың сөздік қорын байытудың, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың көздері болып табылады.

**Қорытынды.** Егер біз ұсынған жаттығулар мен әдістер жүйелі түрде орындал-

са, онда оқушылардың сөйлеу мәдениетін жақсырақ басқаруға көмектеседі, өйткені бұл өз кезегінде қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Олай болса, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда қарым-қатынастың алатын орны ерекше, яғни қатысымдық әрекет сөйлеу әрекетінсіз өмір сүре алмайды. Жалпы сөйлеу мәдениетінің жоғары нәтижесі қатысымдық әрекет болып табылады. Ендеше, біз әзірлеген жаттығуларды тілге бағытталған сабақтардың барысында тиімді қолданып, сөздің жүйелі, дұрыс қолданылуын бақылап, кемшіліктерін дер кезінде түзетіп отырса ғана тиімді болмақ.

Қорытындылай келе, оқушылардың

сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда өз ойын нақты, жүйелі жеткізуде сөз байланыстарын игеруге, сөйлемдегі негізгі ойды және мақсатын ажырата алуға дағдыландыру арқылы жүзеге асырылады. Сөздің мағынасын білу негізінде баланың ұғымы кеңейіп, ұғымдарды салыстыру арқылы ойы дамиды. Оның нәтижесінде сөздерді қолдану икемділіктері артады. Сондықтан, оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тілдік ерекшеліктерге байланысты сөздің мағынасын білу, мәтін құру икемділіктерін меңгеру ғана емес, өз пікірін логикалық тұрғыда жүйелі, мағыналы, мәнді, сауатты және т.с.с. жеткізу мәселелерін қарастырады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

[1] ҚР президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру» атты Жолдауы. 2022 жылғы 16 наурыз. [Электронды ресурс] URL: <https://www.akorda.kz> [Өтінім берілген күні: 15.09.2022].

[2] ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы7 [Электронды ресурс] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) [Өтінім берілген күні: 15.09.2022].

[3] Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z140> [Өтінім берілген күні: 15.09.2022].

[4] Большой Энциклопедический словарь. [Электронный ресурс] URL: <https://gufo.me/dict/bes> [Дата обращения: 15.09.2022].

[5] Güneş F. Türkçe Öğretiminde “Hazırlıksız Konuşma” Sorunu // Sınırsız Eğitim ve Araştırma Dergisi. - Ankara, 2020. – Cilt 5, sayı 2. – P. 109-124.

[6] Ceren D., Emel G.A., Kuru O. Improving the Speaking Skill of Primary School Students Instructed in a Multigrade Class through Cartoons // Participatory Educational Research (PER). – 2021. – Vol. 8, №4. – P. 44-63.

[7] Kuru’ O., Konuşma A. Problemi Yaşayan İlkokul. – Sınıf, 2017. – Cilt 4. – 254 p.

[8] Sadiku L.M. The Importance of Four Skills Reading, Speaking, Writing, Listening in a Lesson Hour // European Journal of Language and Literature Studies. – 2015. – Vol. 1, №1.– P. 29-31.

[9] Wallace T., Stariba W.E., Walberg H.J. Teaching, speaking, listening and writing // International Academy of Education. Educational practices series. – 2014. – №14. – P. 8-19.

[10] С.Рахметқызы Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің негіздері. Жалпы білім беретін бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. 2-басылым. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224 бет.

[11] А.Жапбаров Мектеп оқушыларының тіл мәдениетін қалыптастыра оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 6-кітап. - Астана, 2018.- 276 бет.

[12] Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – Бөлім 2. – 144 б.

[13] Yesnazar, A., Japbarov, A., Zhorabekova, A., Nuralieva, A., Elmira, U. Elementary school children’s speech skills in interdisciplinary ict communication World Journal on Educational Technology: Current Issues- this link is disabled, 2021, 13(1), pp. 147–159. [Электронный ресурс] URL: <http://www.gjit.eu/> [Date of access: 15.09.2021].

[14] Есназар А.Ж. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2022. – 151 б.

[15] Немов Р.С. Психология: учеб. для студ. высш. пед. учеб. Заведений // В 3 кн. - Изд. 4-е. – М.: Владос, 2001. – 640 с.

References

- [1] QR prezidenti Q.K. Toqayevtyñ Qazaqstan halqyna «Jañaru men jañgyru» atty Joldauy. 2022 jylgy 16 nauryz. [Elektronny resurs] URL: <https://www.akorda.kz> [Ötinim berilgen küni: 15.09.2022].
- [2] QR «Bılım turaly» 2007 jylgy 27 şildedegi №319 Zañy7 [Elektronny resurs] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) [Ötinim berilgen küni: 15.09.2022].
- [3] Bastauyş bilim berudiñ memlekettik jalpyğa mindetti standarty. Qazaqstan Respublikasy. Oqu-ağartu ministriniñ 2022 jylgy 3 tamyzdağy № 348 büiryğyna 2-qosymşa [Elektronny resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z140> [Ötinim berilgen küni: 15.09.2022].
- [4] Bölşoi Ensiklopedicheski slovär. [Elektronny resurs] URL: [https://gufo.me/dict/bes\[Data obraşenia:15.09.2022\]](https://gufo.me/dict/bes/Data obraşenia:15.09.2022).
- [5] Güneş F. Türkçe Öğretiminde “Hazırlıksız Konuşma” Sorunu // Sınırsız Eğitim ve Araştırma Dergisi. - Ankara, 2020. – Cilt 5, sayı 2. – R. 109-124.
- [6] Ceren D., Emel G.A., Kuru O. Improving the Speaking Skill of Primary School Students Instructed in a Multigrade Class through Cartoons // Participatory Educational Research (PER). – 2021. – Vol. 8, №4. - R. 44-63.
- [7] Kuru’ O., Konuşma A. Problemi Yaşayan İlkokul. – Sınıf, 2017. – Cilt 4. – 254 r.
- [8] Sadiku L.M. The Importance of Four Skills Reading, Speaking, Writing, Listening in a Lesson Hour // European Journal of Language and Literature Studies. – 2015. – Vol. 1, №1. – P. 29-31.
- [9] Wallace T., Stariba W.E., Walberg H.J. Teaching, speaking, listening and writing // International Academy of Education. Educational practices series. – 2014. – №14. – P. 8-19.
- [10] S.Rahmetqyzy Bastauyş synyptarda qazaq tılın oqytu ädistemesiniñ negızderi. Jalpy bilim beretin bastauyş synyp müğalimderine arnalğan. 2-basylym. – Almaty: Atamūra, 2015. – 224 bet.
- [11] A.Japbarov Mektep oquşylarynyñ til mädenietin qalyptastyra oqytudyñ ğylymi-ädistemelik negızderi. 6-kitap. - Astana, 2018. - 276 bet.
- [12] Jūmabaeva Ä.E., Uaisova G.İ., Säduağas G.T. Qazaq tılı: jalpy bilim beretin mekteptiñ 4-synybyna arnalğan oqulyq. – Almaty: Atamūra, 2019. – Bölim 2. – 144 b.
- [13] Yesnazar, A., Japbarov, A., Zhorabekova, A., Nuralieva, A., Elmira, U. Elementary school children’s speech skills in interdisciplinary ict communication World Journal on Educational Technology: Current Issues- this link is disabled, 2021, 13(1), pp. 147–159. [Elektronny resurs] URL: <http://www.gjit.eu/> [Date of access: 15.09.2021].
- [14] Esnazar A.J. Pänaralyq bailanysta bastauyş synyp oquşylarynyñ oilau men söileu dağdylyryn qalyptastyru: filos. dok. (PhD) ... dis. – Almaty, 2022. – 151 b.
- [15] Nemov R.S. Psihologia: ucheb. dlä stud. vysş. ped. ucheb.Zavedeni // V 3 kn. – İzd. 4-e. – M.: Vldos, 2001. – 640 s.

Пути формирования речевой культуры младших школьников

\* *А.Ж. Есназар<sup>1</sup>, А.Н. Кошербаева<sup>2</sup>, М.Г. Кошкарлова<sup>2</sup> Э. Уайдуллакызы<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,

<sup>2</sup> Центрально - Азиатский инновационный университет, (Шымкент, Казахстан),

<sup>3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Аннотация

В статье определены пути формирования речевой культуры младших школьников. Проблема формирования культуры речи определяется свойствами и функцией языка, его общественной ролью и характером употребления. В формировании речевой культуры младших школьников были показаны формы работы со словом, работа со словосочетанием и предложением, обучение связной речи. Определены знания, умения, навыки, необходимые для формирования культуры речи. Были сгруппированы упражнения для определения значения, особенностей слова. С учетом актуальности проблемы формирования речевой культуры младших школьников в целом разработана система специальных упражнений. Также была проведена исследовательская работа, связанная с определением путей формирования речевой культуры



младших школьников, в результате которой учащиеся научились делать достаточно последовательные предложения, точно передавать мысль с соблюдением логической последовательности, использовать слова, словосочетания, адекватно и четко отвечать на вопрос. На основании результатов исследования установлено, что разработанные нами упражнения играют огромную роль в формировании речевой культуры младших школьников.

*Ключевые слова:* начальный класс, культура речи, развитие языка, речевая деятельность, языковое средство, общение, слово, предложение, текст.

### Ways of forming the speech culture of younger schoolchildren

\* A. Yesnazar<sup>1</sup>, A. Kosherbayeva<sup>2</sup>, M. Koshkarova<sup>2</sup> E. Uaidullakzy<sup>3</sup>

<sup>1</sup>South Kazakhstan state pedagogical university

<sup>2</sup>Central Asian Innovation University, senior lecturer, (Shymkent, Kazakhstan),

<sup>3</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

#### Abstract

The article defines the ways of forming the speech culture of younger schoolchildren. The problem of speech culture formation is determined by the properties and function of language, its social role and the nature of its use. In the formation of the speech culture of younger schoolchildren, the forms of working with a word, working with a phrase and a sentence, teaching coherent speech were shown. Exercises were grouped to determine the meaning and features of the word. The knowledge, skills, and skills necessary for the formation of speech culture are determined. Taking into account the urgency of the problem of the formation of the speech culture of younger schoolchildren as a whole, a system of special exercises has been developed. Research work was also carried out to determine the ways of forming the speech culture of younger schoolchildren, as a result of which students learned to make sufficiently consistent sentences, accurately convey a thought in accordance with a logical sequence, use words, phrases, adequately and clearly answer a question. Based on the results of the study, it was found that the exercises developed by us play a huge role in the formation of the speech culture of younger schoolchildren.

*Keywords:* primary school, speech culture, language development, speech activity, language medium, communication, word, sentence, text.

Редакцияға 06.10.2022. қабылданды.

FTAMP 14.35.07

DOI 10.51889/5272.2022.21.67.023

Қ.Ә.ЖҰМАҒҰЛОВА<sup>1\*</sup>, О.И.ТҮРСЫМАТОВА<sup>2</sup>, Ж.М.БИТИБАЕВА<sup>1</sup>, С.Ж. ИБАДУЛАЕВА<sup>2</sup>,  
А.Т.УРГЕНИШБЕКОВ<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),  
darmik1996@mail.ru \*, zhazmar@mail.ru

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда, Қазақстан),  
orazkul70@mail.ru, salt\_i@mail.ru, aitmaganbet@mail.ru

### БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БИОФИЗИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### Андатпа

Мақалада студенттерде биофизикалық ұғымдардың қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу деректері зерттеушілер жасаған құрылымдық сұхбат формасы арқылы жиналды. Зерттеу нәтижесінде студенттерде биофизикалық ұғымдарды қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ете отырып, ұғымдарды жиі пайдалану